

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін Қазақстан Республикасына радиоактивті сәулелену көзін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 25 мамырдағы N 476

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Д.В.Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Мәскеу қаласындағы "ИЗОТОП" Бүкілаймақтық бірлестігімен жасалған 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 39/02/98 келісім-шартқа сәйкес Ресейден Қазақстан Республикасына белсенділігі 0,0675 Ки МИКХ-3 үлгісіндегі радиоактивті сәулелену көзін (хромдағы 57-кобальт) әкелуге рұқсат

етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі